

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ
ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ**

Желтоқсан айында өткізілге іс-шаралар ақпараты 2024ж

04.12.2024 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



Тарих пен тілді байланыстыра отырып оқушылармен әңгіме жүргізу. Барлық сынып өз сыныптарымен сынып сағаттарын өткізді. Тәуелсіздік күні жақындаған сайын ай бойы бірнеше іс-шаралар өткізілді.



«Мен өзімнің жетістігімді еліме арнаймын» ЧЕЛЛЕНДЖ. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай **«Жетістігімді еліме арнаймын»** челленджі ұсынылды, оқушылардың жетістіктерін көрсету арқылы білім алушылардың патриоттық сезімдерін нығайту. Өз жетістіктерін ел дамуы мен қоғам игілігіне арнаудың маңыздылығын бағалау, тәуелсіздік орнатудағы тұлғалардың рөлін көрсету. Білім алушылардың білім, спорт, мәдениет және басқада жетістіктерінен тұратын қысқаша бейнероликтер дайындау.



Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері мен болашағы туралы шығарма жазу. Әр баланың болашақта қандай ой қиялдары бар екенін анықтау.



Шығармашылық жұмыс әр түрлі тақырыпта. 1-4 сынып оқушыларымен «Болашақтағы біздің ауыл» тақырыбында сурет салу, шығарма жазу. «Тәуелсіз ел бақыты» тақырыбында дөңгелек стол. Оқушыларға Тәуелсіздіктің бізге қалай келгені туралы түсінік беру, интерактивті тактадан «Тәуелсіз ел бақыты» атты видеоролик көрсету арқылы оқушылардың Қазақстан Республикамыздың қалай өсіп, өркендеуін көрсету. Еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру туралы тарихи сабақ болды.



«Қазақ елі» тарихымен танысу. Тарих пәнінің мұғалімдері 5-11 сынып оқушыларына қазақ елінің тарихы туралы мағлұмат беріп өтті. Оқушылар Тәуелсіздіктің қалай келгені туралы көріністер қойды.



«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» Әр бала қандай да еңбек етсе оны өз елі, Отаны үшін аткарып жатқанын сезіне білу керек. Осы мағнаны оқушы санасына жеткізе білу керек. Оқушылармен осы жөнінде координатор, тәрбие ісінің орынбасары мен психолог дөңгелек стол жүргізілді. Сұрақ-жауап алынды, оқушылардың алған жетістіктері туралы талқыланды.


18.12.2024. «Мен Тәуелсіз ел ұланы» атты сайыс өлең шумағын айтып сайысты. Ондағы мақсаты оқушылардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру және өлең шумақтарын нақышына келтіріп айтуға дағдыландыру.



19.12.2024 Білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілермен кездесіп жаңа жыл жоспарлары туралы ақылдасу. Жаңа жылды көңілді өткізу әрекеттерін ойластыру, жоспарларын ақылдаса отырып құру. Жаңа жыл шырша тойын көңілді өтуіне атсалысу, әр түрлі қызықты ойындар ойнату туралы ойластыру. Әр сынып жетекші көңілді өтуіне сыныптарымен номер дайындау.



23.12.2024 Жаңа жыл мерекесіне қарсы мектеп алаңы безендірілді. Мектептегі ер азаматтар мен 9-11-сынып оқушылары мектеп алдына өте тамаша місін жасап безендірді. Әсіресе қызығушылықтары артып аула тазалаушы мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Садвокасов Руслан, Хамитов Ержан түнде де келіп су құйып қатырып әшекейлеп кетті. Әрине қай-қайсына болсын алғысымыз шексіз. Отбастарына амандық, жаңа жылда тек жақсылыққа бөлене берсін дегіміз келеді.



24.12.2024 Жаңа жыл мерекесіне қарсы мектепшілік безендірулер өткізу. Шырша тойы екенін сезіну мақсатында барлық қабаттағы мұғалімдер мен оқушылар өте жақсы белсенділік танытты. Балабақша шырша тойына Аяз ата мен ақшақар ерекше киініп келді. Ол киімді ауыл ТОО «Юркино» директоры Михайл Александрович дайындық тобынан бастап бесінші сыныпқа дейін жаңа жылдық сыйлықтар берді. Бұл аталған адамдарға да алғысымыз шексіз, еңбектеріне береке берсін дегіміз келеді.



Жаңа жылдық бастауыш сынып ертеңгілігін өткізілді, сыныптарын безендірді. Аяз-ата, ақшақар келіп, қызықты сценарилері оқушы есінде қаларлықтай көңілді өтті, оқушыға тамаша әсер қалдырды.



Жаңа жылдық жоғарғы сынып оқушыларының шырша тойын өткізілді, сыныптарын безендірді. Соңынан жаңа жыл дастарханы және би кеші өтті. Жаңа жыл оқушыларға өте жақсы ұнады, көңілдерінен шықты.



Мектеп директоры:



Садвокасова. Г.А.

Орындаған: ДТЖО Боканова А.С